

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы  
Ғылым мен техника саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 21 қазандағы N 1628 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Ғылым мен техника саласындағы ынтымақтастық туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Жансейіт Қансейітұлы Тұймебаевқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Ғылым мен техника саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан*

*Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*K. Мәсімов*

**Қазақстан**

**Республикасы**

**Үкімет ініц**

**2009**

**жылғы**

**21**

**қазандагы**

**N**

**1628**

**қаулысымен**

**мақұлданған**

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының  
Үкіметі арасындағы Ғылым мен техника саласындағы ынтымақтастық  
туралы келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының **Үкіметі**

ғылымды дамытудағы өзара мұддеге негізделген екі жақты ғылыми және техникалық ынтымақтастықты дамыту мен нығайту мақсатында,

ғылыми-техникалық ынтымақтастық Тараптар мемлекеттері арасындағы байланыстарды нығайтудың негізгі жолдарының бірі және аса маңызды факторы болып табылады **деп пайымдай отырып,**

тендік, өзара пайда мен халықаралық құқық принциптеріне негізделген өзара және технологиялық байланыстарды дамыту үшін құқықтық негіз бер қолайлы жағдай жасауға **ниет білдіре отырып,**

төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап**

Тараптар осы Келісімнің шарттарына және Тараптардың әрқайсысының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзара тиімді екі жақты ғылыми және техникалық байланыстарды орнату мен дамытуға белсенді жәрдем көрсетеді.

## **2-бап**

Тараптар мемлекеттерінің тиісті ғылыми мекемелері арқылы Тараптар ғылым мен техниканың басым бағыттары бойынша ынтымақтастықты жүзеге асырады.

## **3-бап**

Осы Келісім шенберіндегі ынтымақтастық мынадай нысандарда жүзеге асырылады:

ұйлестірілген жұмыс жоспарларына, келісімдерге және келісімшарттарға сәйкес бірлескен ғылыми-зерттеу және техникалық жобаларды орындау;

зерттеу жұмыстары үшін ғалымдар мен мамандардың өзара сапарлары;

өзара негізде ғылыми мамандармен, тағылымдамадан өтушілермен және сарапшылармен алмасу;

бірлескен ғылыми конференциялар, симпозиумдар және жұмыс семинарларын үйімдастыру;

ғылыми және техникалық ақпараттармен және құжаттармен өзара тиімді алмасу;

Тараптар мемлекеттерінің технологиялық жетістіктеріне жәрдемдесу үшін бірлескен көрмелер мен экспозициялар үйімдастыру және оларды қолдау;

бірлескен ғылыми енбектер дайындау және жариялау;

үшінші елдердің ғылыми үйімдарымен байланыс жасауға жәрдемдесу.

## **4-бап**

Ғылыми және зерттеу жұмыстары, "ноу-хауды" қоса алғанда, ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен, біліммен, тәжірибемен және ақпаратпен алмасу әрбір нақты жағдайда Тараптар мемлекеттерінің тиісті органдар арасында жекелеген келісімдер жасасу жолымен жүзеге асырылады.

## **5-бап**

Сарапшылар мен ғалымдар делегацияларымен өзара алмасу кезінде олардың елде болу шығыстарын толығымен Қабылдаушы тарап көтереді. Көліктік шығыстарды Жіберуші тарап төлейді.

## **6-бап**

Бірлескен ғылыми зерттеулердің нәтижелері мен ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру кезінде алынған өзге ақпаратты пайдалану тәртібі әрбір нақты жағдайда Тараптар мемлекеттерінің тиісті органдары арасында жекелеген келісімдер жасасу жолымен айқындалады.

## **7-бап**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі мен Түрік Республикасының Ғылым мен техника жөніндегі қеңесі (TUBITAK) Тараптардың осы Келісімнің іске асырылуын қамтамасыз ететін уәкілетті органдары болып табылады.

## **8-бап**

Осы Келісімді іске асыруды үйлестіру және бақылау үшін Тараптар Ғылыми және техникалық ынтымақтастық жөніндегі бірлескен комиссияны (бұдан әрі - Комиссия) құрады, ол әрбір Тарап өздері тағайындаған өкілдерден тұрады.

Комиссия өз отырыстарын екі жылда бір рет, Тараптар мемлекеттерінің астаналарында кезекпен өткізеді.

## **9-бап**

Осы Келісімді түсіндіруге және қолдануға байланысты келіспеушіліктер консультациялар мен келіссөздер арқылы шешілетін болады.

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын, жеке хаттамамен ресімделетін толықтырулар мен өзгерістер енгізілуі мүмкін.

## **10-бап**

Осы Келісім дипломатиялық арналар арқылы оның құшіне енуі үшін қажетті тиісті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап құшіне енеді.

Осы Келісім 5 (бес) жыл мерзімге жасалады және егер Тараптардың бір де біреуі ағымдағы кезеңнің аяқталуына дейін кемінде 6 (алты) ай бұрын дипломатиялық арналар арқылы екінші Тарапқа өзінің оның қолданылуын ұзартпау ниеті туралы жазбаша хабарлама жолдамаса, келесі 1 (бір) жылға өздігінен ұзартылады.

Осы Келісімнің қолданылуын тоқтату ол қолданылған кезеңде жүзеге асырыла бастаған және оның қолданылуын тоқтату сәтіне дейін аяқталмаған бағдарламалар мен жобалар бойынша Тараптардың міндеттемелерін қозғамайды.

2009 жылғы " " қаласында әрқайсысы қазақ, түрік және орыс тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

*Қазақстан Республикасының*

*Үкіметі үшін*

*Түрік Республикасының*

*Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК